



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№42 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«JUBAN MOLDAĞALIEV.100 JYL» коллекциялық монетасын айналысқа шығару туралы

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы 23 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі номиналы 100 теңгелік МН 25 мельхиор қоспасынан «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан «JUBAN MOLDAĞALIEV.100 JYL» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Монеталарды шығару Қазақ КСР Халық жазушысы, «Қыран дала», «Мен қазақпын», «Жыр туралы», «Сел» және басқа да шығармалардың авторы, қазақ ақыны Жұбан Молдағалиевтің туғанына 100 жыл толуына орайластырылған.

Сату күні туралы ақпарат Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми сайтында қосымша орналастырылатын болады.

«JUBAN MOLDAĞALIEV. 100 JYL» монетасының сипаттамасы:

Монетаның аверсінде орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның сол және оң жағында ұлттық ою-өрнектің элементтері орналасқан. Монетаны айналдыра «QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу бар. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» деген жазу бар.

Монетаның реверсінде Жұбан Молдағалиевтің портреттік бейнесі орналастырылған. Сол жақта мерейтойлық датасы мен соғылған жылын білдіретін «100 JYL», «2020» деген жазулар бар. Монетаның жоғарғы бөлігінде «JUBAN MOLDAĞALIEV» деген жазу бар.



Техникалық өлшемдері:

Монеталар МН 25 мельхиор қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы «brilliant uncirculated», номиналы 100 теңгелік, таралымы - 7 000 дана.

Монеталар кәдесыйлық орамда шығарылады және коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Номиналы 100 теңгелік коллекциялық монеталар төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың белгіленген құнымен қабылдануға,

сондай-ақ банк шоттарына есепке жазылуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz